

Әскери доктрина деген не? Бұл құжат – ғылыми негізделген, ресми қабылданған әрі ұзақ мерзімге арналған басқыншылықты тойтару, қорғану, мемлекеттің соғысқа даярлығын, әскери саясаттың стратегиялық, техникалық, экономикалық, құқықтық және басқа да маңызды қырларын қарастыратын, болашақта мүмкін болар соғыстардың мақсаты мен маңызын, мәнін айқындайтын көзқарастар жүйесі. Құжатта әскери міндеттердің шешілу тәсілдері белгіленеді, қарулы күштерді дамытудың әскери құрылысының бағдарламасын жүзеге асырып, әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін саяси күш салу мен әскери құралдардың өзара әрекеті мен үйлесуі көрініс табады.

Әлемдік геосаяси ахуал күрделеніп, кімге сенеріңді білмей отырған алмағайып заманда ел әскерінің қуатты болғаны қажет. Бұл ретте әскери доктринаға өзгерістер енгізу мәселесі жиі айтылып жүргенді.

15 қазанда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев

“Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын бекіту туралы” 2017 жылғы 29 қыркүйектегі №554 Жарлыққа енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларға қол қойды.

Өзгерістер негізінен доктри-

Әскери доктрина

наның негізгі тұжырымдамаларын қамтыды. Қорғаныс министрлігі өкілдерінің айтуынша, жаңа құжатта 70-ке жуық өзгеріс орын алған. Оның бірқатары бұрынғы шарттарға түзетулер болса, ішінара жаңадан енгізілген тұжырымдар да бар. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша қорғаныс ведомствосы мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, негізгі құжатты жаңа болмысқа бейімдеуге бағытталған жұмыстарды жүзеге асырғанын атап өткен жөн. Соңғы өзгерістерге сәйкес, негізгі ұғымдар қатарына “дағдарысты жағдай”, “резервтегі әскери қызмет” сынды тағы да басқатың терминдер нормативті

түрде енгізілмек. Оның біріншісі ел аумағындағы әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарын білдірсе, екіншісінде резервтегі азаматтарды жиындар мен арнайы дайындықтарға ша-

қырту қарастырылған.

Резервтік қызмет дегеніміз – негізгі азаматтық қызметпен қоса ерікті түрде атқаруға болатын келісімшарт бойынша қызмет. Әскери есепті, мамандығы бар және денсаулығы жарамды ел азаматтары резервист атана алады. Жиындар жауынгерлік даярлық бағдарламасына сәйкес жыл сайын және екі реттен кем емес мерзімде өткізілетін болады. Өткізу мерзімі мен олардың жиынға тартылу жасы нормативтік-құқықтық актілермен айқындалады.

Доктринада ең бірінші рет Бактериологиялық (биологиялық) және уытты қаруға тыйым салатын конвенция туралы ай-

тылған. Сонымен бірге бітімгерлік қызметті кеңейте түсу қарастырылған. Ұтқыр және тиімді ден қою күштерін құруды көздейтін “ақылды шекара” тұжырымдамасын жүзеге асыру ұсынылған.

Жобада кибершабуылдан сақтануға көбірек назар аударылғаны байқалады. Құжатта бұл мәселе бірнеше жерде айтылған. Сонымен бірге ғарышқа назар аударылыпты. Бұрынғы құжатта бұл жоқ еді. Жаңа құжатта жазылғандай, Қазақстанға әскери қатер “ғарыштық кеңістікте басым түсу үшін күресуді күшейту” салдарынан да төнуі мүмкін. Өйткені еліміз – Орталық Азияда жалғыз “Байқоңыр” ғарыш айлағына ие. Доктринада зымыран шабуылы туралы ескерту және ғарыш кеңістігін бақылау жүйесінің базалық элементтерін құру” елдің қорғаныс қабілетін нығайтуға бағытталған шаралар қатарына қосылған.

Төлеген ЕСМАТОВ,
М.Қозыбаев атындағы
СҚУ әскери кафедраның
әдіскер-нұсқаушысы.